

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№335

2018 жылғы 19 қыркүйек

Ақтөбе облысында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі және одан әрі күшейту бойынша шаралар туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының ішкі істер департаментінің бастығы М.Х.Абисатовтың «Ақтөбе облысында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі және одан әрі күшейту бойынша шаралар туралы» хабарламасы назарға алынсын.

2. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне, «Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті» ММ (М.Х.Абисатов), барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, облыс аумағында қылмыстың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

3. «Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті» ММ (М.Х.Абисатов):

1) қылмыстарды толық тіркеуді, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайтуды қамтамасыз ету бойынша принциптік желіні іске асыруды жалғастыру;

2) Қазақстан Республикасының мүдделері мен қауіпсіздігіне әсер ететін интеграциялық үдерістерді ескере отырып, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл бойынша қосымша шаралар қабылдау;

3) облыстағы ішкі істер органдарының штаттық санын толық жинақтау бойынша тиімді шаралар қабылдау;

4) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға тартылған тұлғалардың тұрғылықты жерлері бойынша тұрақты бақылауды жүзеге асыру бойынша пробация қызметімен бірге шаралар қабылдау;

5) халықтың тұрмыс-тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын зерделеу және құқық бұзушылық жасауға жағдай туғызатын мән-жайларды анықтау үшін аулаларды аралау жүргізу бойынша жұмысты жандандыру;

6) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін олардың мәжбүрлі еңбекке тартылуын болдырмау бойынша шаралар қабылдау;

7) жол-көлік оқиғаларын азайту үшін патрульдік бағыттарды күшейту бойынша жұмысты жалғастыру;

8) құқық қорғау органдарының қызметіне халықтың сенім деңгейін көтеру, азаматтармен үнемі жиналыстар өткізіп отыру, жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштеріне уақтылы жауап беру бойынша жұмысты күшейту;

9) полиция инспекторларының рөлі мен жауапкершілігін арттыру, құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету және бекітілген әкімшілік учаскелерде тұрғындар арасында тиімді алдын-алу жұмыстарын жүргізу бойынша қосымша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне, «Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті» ММ (М.Х.Абисатов) бірге:

1) көпқабатты үйлердің құрылысын жоспарлау кезінде, полиция учаскелеріне үй-жай беру мүмкіндігін қарастыру;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе облысы мамандандырылған күзет қызметі басшылығымен (С.С. Ержанов) бірге, қауіпсіздік жүйесінің деңгейін арттыру мақсатында жеке күзет қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау бойынша шаралар қабылдау;

3) қоғамдық көлікте ұрлық жасауды болдырмау мақсатында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен (А.Қ.Османғалиев) бірге үнемі жедел әрекет ету механизмін әзірлеу арқылы тұрғындар арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу;

4) облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен (Қ.О.Отаров) бірге мына жұмыстарды жандандыру:

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу, оңалту және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша мақсатты шаралар жүргізу;

- түрмеден босатылған адамдарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және кейін жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік қолдау көрсету;

5) облыстың білім басқармасымен (Л.А.Уразбаева) бірге:

- оқушылармен тәрбие жұмысы бойынша жүргізілетін жұмыстарға білім ұйымдарының Қамқоршылық кеңестерінің мүшелерін тарту;

- қиын өмірлік жағдайдағы балаларды, қолайсыз отбасыларды уақтылы анықтау бойынша тұрақты жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;

- облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасымен (М.Ж.Махамбетов) бірге, тұрғындарды спортпен жаппай қамту мақсатында балалар мен жасөспірімдерді спорттық секциялар мен топтарға, соның ішінде «тәуекел» тобынан шыққан балаларды тарту бойынша шаралар қабылдау;

6) облыстың жастар саясаты мәселелері басқармасымен (Н.Ж.Күнтуов) бірлесіп, құқық қорғау органдарының, сот органдарының

және әділет органдарының қатысуымен жастар арасында құқықтық мәселелерге бағытталған іс-шаралар өткізу ұсынылсын.

5. Облыстың ішкі саясат басқармасына (Б.О.Елеусінова) «Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті» ММ (М.Х.Абисатов) бірге, жол қозғалысы қауіпсіздігі, нашақорлықпен, маскүнемдікпен және қылмыспен күрес, сондай-ақ ішкі істер органдарының оң имиджін қалыптастыру бойынша жергілікті телеарналарда әлеуметтік роликтер көрсету бойынша жұмысты жандандыру ұсынылсын.

6. «Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті» ММ (М.Х.Абисатов), облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау (Г.Р.Сүйінтаева), қаржы (Г.С.Сисенова) басқармаларымен бірге, 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджетті қалыптастыру барысында мыналарға қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын:

1) аудан орталықтарының көшелерінде және қоғамдық орындарда бейне камералар орната отыра, Мұғалжар, Алға және Шалқар аудандарында жедел басқару орталықтарын ашуға;

2) Мұғалжар ауданының ішкі істер бөлімінің ғимаратының құрылысына.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарына (Е.Ж.Нұрғалиев) және облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясына (Д.А.Довматенко) жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Е. БЕКМҰХАМБЕТОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА